

Келісемін Марк

«Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесінің
әдіскері: Ж.А.Елемесова.

Тақырыбы: « 4 саны. Жақында, алыста ұзымы »

(Ақбота ортаңғы тобы)



Орындаған: Нургалиева Д.А.

2025-2026 оқу жылы

Сабақтың тақырыбы: “ 4 саны, жақында алыста” ұғымы.

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Математика негіздері

Жас тобы: 3 жас (ортаңғы топ)

Мақсаты:

Балаларды 1–4 дейін санауға үйрету, 4 санын таныту

«Жақын – алыс» кеңістік ұғымдарын түсіндіру

Зейінін, ойлауын, сөйлеуін дамыту

Көрнекіліктер:

4 ойыншық (қоян, аю, доп, қуыршақ)

4 текше (кубик)

Себет

«Жақын – алыс» белгісі (суреттер)

Сабақ барысы:

Балалар, мен сендерді математика әлеміне апарайын. Онда поездқа отырып жолға шығайық.

Кәне кімнің бойы ұзын,

Паровозы ол поездың.

Қатар-қатар тұрайық,

Поезды біз құрайық.

-Балалар, математика әлеміне де келіп қалдық, шеңберге тұрып шаттық шеңберін бірге айтайықшы.

Шаттық шеңбері:

Қуанамын менде,

Қуанасын сенде.

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан күнге.

Балалар, айналамызға қарайықшы, қандай ғажайып әлем, неткен әдемі пішіндер. Балалар қараңыздаршы, сандарымыз бір-бірінен адасып қалған. Оларды ретімен қойып, тура және кері санайықшы. (Өткен сабақты еске түсіру)

Тақтада 1, 2, 3 саны тұрады

(Балалар, 3 санына дейінгі сандар мен пішіндерді санайды).

-Балалар, демек біз өткен сабақта қандай санмен танысқан екенбіз.

-Үш саны.

-Жарайсындар балалар, енді біз бүгін жаңа санмен танысамыз.

4 санымен таныстыру. Ауада 4 санын жазып көрсету.

Тақтада 4 саны пайда болады.

Машинаның суретін көрсетіп.

-Машинаның дөңгелегі нешеу?

-Төртеу.

-Енді балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Жұмбақ:

Аяғы төртеу жүре алмайды,

Не жатып бір дем алмайды. Ол не?

-Орындық.

(Орындықтың аяғын санау). Үстелге 4 кубик қояды.

Балалар, неше кубик бар?

Бірге санайық: 1, 2, 3, 4

Бұл – төрт саны
Балалармен бірге 4 санын қайталайды.
Балаларды үш топқа бөліп тапсырма беру.

1. тапсырма:

Таяқ санамақтардан (үлгі бойынша) төрт санын құрастыру.

2. тапсырма: Ақ парақты көк түспен бояу. (4 саны шығады)

3. Сурет пен 4 санын сәйкестендіру.

Сергіту сәті:

1,2,3 жүгір алып үш,

4 дегенде тоқтаймыз,

Бір тынығып аламыз.

«Жақын – алыс» ұғымымен таныстыру

Тәрбиеші бір ойыншықты жақын, біреуін алыс қояды.

Қоян маған жақын ба?

Ал аю алыс па?

Балалар көрсетіп, айтады.

Дидактикалық ойын

«Жақынға қой – алысқа апар»

Мақсаты:

– «Жақын – алыс» ұғымын бекіту

Ойын барысы:

Тәрбиеші: «Допты маған жақын қой»

«Қуыршақты алысқа апар»

Балалар тапсырманы орындайды

Қимылды сергіту сәті

«Жақын – алыс» қимылды ойыны

– «Жақын!» – балалар тәрбиешіге жақындайды

– «Алыс!» – артқа шегінеді

Қайталау сұрақтары:

– Бүгін қандай санмен таныстық?

– Неше зат бар?

– Қайсысы жақын? Қайсысы алыс?

Мадақтау

Балаларды мақтау, қол соғу

Күтілетін нәтиже:

4 санын таниды

1–4 дейін санай алады

«Жақын – алыс» ұғымын ажыратады

Тапсырманы қызығушылықпен орындайды